



Республикалық жастар газеті

# Ақмешіт

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан

# ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№30 (567)  
25 шілде,  
2024 жыл

## ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ:

# ДЕРТКЕ АЙНАЛҒАН ДӘСТҮР

Қыз алып қашу – дәстүр ме, әлде құқық бұзушылық па? Ұлттық құндылықтардың сабынан қалай орын алған? Бірі мұны ұлттық мәдениеттің бір бөлшегі ретінде қарастырып, оны қолдаса, енді бірі заң мен адам құқықтары тұрғысынан бұл әрекеттің заңсыз екенін айтады.

Сонау 1967 жылы таспаланған «Кавказская пленница» фильмінде қызғылт сары түсті капка оралған Нина секілді ұрланған тағдырлар аразында әлі де бар. Бірі жасыралы, бірі көніп сонда қалады. Ал алып қашу туралы дінде не айтылған?

– Дінде адамның бостандығы мен құқығына қол сұғуға қатаң түрде тыйым салынған. Кісінің ар-намысын, құқығын таптау күнәлі іс. Қазақта «Қыз мұраты кету» деген керемет сөз бар. Жастар шариғаттың талабымен, некенің шарттарын толық орындап, өмірлік теңімен отау құрса, бұл қуанарлық жайт.



4

КОМБЕ



МАҒЫСТАУҒА БҰЙЫРМАҒАН МҮСІН

# СЫР ЕЛІНІҢ

СӘНІН АШТЫ

Алаш қозғалысы тұсында тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырған патшалық билікпен темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалғанша белдескен күрескердің бірі – Мұстафа Шоқай. Ер есімі ұзақ жылдар бойына ескерусіз қалып, тәуелсіздіктің арқасында ғана ел азаматын ардақтауға мүмкіндік туды.

Бірі ардақтылардың өмірін дәріптеп, дереккөздер жинап, қолжазбалары қолдарына түскен сәттен бастап бар дүниені біріктіріп кітап етіп шығарып жатса, енді бірі көше аттарын беріп құрмет көрсетуде. Ал қызылордалықтар өзінің қайсар қайраткеріне жеті жыл бұрын қоладан алып мүсін соғып берген болатын. Осы ескерткіш еңсе тіктегеннен бастап ел арасында түрлі көзқарастағы пікірлерге құлағмызды түріп жүрдік. Мүсінші мамандардың көзімен қарай алмақ та, биіктігі тоғыз метр болатын тастұғырдың тұрпатына көзіміздің тоймағаны жасырын емес.

3-бетте

## ТАУ ТҰЛҒАЛЫ АЛЫПТАРДАН БАТА АЛҒАН

7



## ШЫНБОЛАТ ҰЗАҚБАЕВ:

# «МЕНИҢ МУЗАМ — МУЗАРТ»

Өнер – барлығына беріле бермейтін бақ, тіпті кейбіреуге қол жетпес арман. Десек те бұл жол талайдың бағын жандырып, бақыттың еселей алатын «сиқырға» ие. Осы орайда музыка өнерінің жұлдызы Шынболат Ұзақбаевпен сұхбат құрып, ән әлемі жөнінде сыр шерткен едік.

– Сұхбатымызды өнер жолыңыздың қалай бастау алғанынан бастасак... Музыкаға қызығушылық қалай пайда болды? Қандай жанрды жаныңызға жақын көресіз?

– Мен балалық шағындағы арманыма жеткен жанның бірімін. Кішкентай кезімде көгілдір экраннан «Жігіттер», «МузАрт» тобын көп көрсетуші еді. Әсіресе «МузАрт» тобының әндері өте мағыналы, сазы мен сөзі жағымды болатын. Құдды менің әнші болуыма түрткі болғандай. Түйсігіме ой салған осы өнер өкілдері еді. Қазақтың киелі сахнасында ән шырқасам, теледидардан мені де көрсетсе екен дейтінмін.

Мен кез келген әнді шырқауға бейіммін. Жанр таңдамаймын. Негізі бұл жақсы қасиет. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі бар, оны тыңдаушы да әртүрлі болады. Жанрды зерттеудің өзі бір керемет сезім. Қандай да болмасын әнді нақышына келтіре шырқай аламын. Бұған не себеп десеңіз, бірнеше жыл дыбыс жазу студиясында жұмыс істедім.

Өмірқұл Айнязов ағамыздың тәлімін алдым.

Бірнеше туынды шығару барысында оның дыбысын тазалап, өңдеуге атсалысқан болатынмын. Әрине, дыбыс жазу студиясында жұмыс істеген соң маған ешқандай жанр жат емес. Себебі түрлі ән, түрлі стиль, жанрды кездестіресіз. Сол арқылы жанрдың түр түріне қолайлы «иммунитет» қалыптастырдым.

8-бетте



# ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП



Ашық аспан астында араздыққа ұшырасып, бейбіт өмірдің берген бағына жете алмай жүрген жандардың жылдан-жылға саны артып, қарасы көбейді. Осынау дамыған заманда әлемдегі кейбір елдер соғыстан қасірет көріп келеді. Бейғам өмірдің шырқын бұзатын тек елдер арасындағы соғыс емес, сондай-ақ діни және өзге де бағыттағы террористік ұйымдар.

## ТЕРРОРИЗМ – ДИВЕРСИЯ

Терроризмнің пайда болуының негізгі себептерін саяси, әлеуметтік-экономикалық, экономикалық, діни, рухани деп бөлуге болады. Терроризм сөзін естігенде әуелі дін туралы ойлаймыз. Бұған себеп көп. Адамның жанын шыбын көрмейтін баскесер ұйым да

аз емес. Бүгінде Иран, Сирия, Ауғанстан, Нигерия, Йемен, Ливия және Пәкістан елдері бұл залалдан көз ашпай келеді.

З о р л ы қ - з о м б ы л ы қ қылмыстарының ең қауіпті түрі – терроризм мен экстремизмнің экстремалды көрінісі. Психологиялық тұрғыдан терроризм қоғамдағы психологиялық тепе-теңдіктің, адамдардың тыныш

өмір сүруінің бұзылуымен, жалпыға бірдей алаңдаушылық пен қорқыныштың пайда болуымен, қауіп-қатерді күтумен және қоғамдық өмірдің тұрақсыздығымен қауіпті. Мемлекеттің ішінара тұтастығына зиян келтіретін мұндай қылмыс еліміздің қоғамдағы абыройын, бірлігін, тұтастығын жоғалтуына әкеледі.

2-бетте

## ҒЫЛЫМ МЕН ӨМІРДІҢ ҮЙЛЕСІМІ

5



# ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

Мемлекет бұл қылмыстың алдын алу үшін түрлі іс-шараны жүргізіп, қылмыстық топтар мен олардың ойластырған жоспарларын болдырмауға тырысуда. Сондай-ақ мұндай жағдайға тап болған кезде қалай қорғану керектігін жиі ақпараттандыру арқылы жүзеге асырып отыр.

– Бірінші кезекте терроризмге қарсы күресті жүргізу үшін барлық объектілерін күнделікті техникалық тұрғыда қамтамасыз етіп, түрлі қауіпсіздік құралдарымен жетілдіру қажет. Екінші кезекте, аймақтағы барлық білім беру, медицина және де өзге сала бойынша жұмыс істейтін мекеме қызметкерлерінің терроризмге қарсы мәдениетін, білімін арттыру қажет. Террористік шабуыл туралы сигналдар түскен кезде зейінді жоғалтпау, өткізу режимінің ережелерін қалай сақтау керектігі, қалай дұрыс эвакуациялау, ғимараттардан қалай дұрыс шығу, қалай қауіпті жою керек – мұның бәрі біз білу керек дүниелер. Ал күнделікті өмірде қырағы болып, яғни басқаларға, күдікті адамдарға, сенімсіз құжаттарға қатысты қарапайым дүниелерді уақтылы анықтау, оны хабарлау және қауіпсіздік шараларын ешқашан назардан тыс қалдырмау барлығымыздың міндетіміз, – дейді әскери жұмылдыру және терроризмге қарсы жұмыстар қызметінің басшысы Ғалымжан Жармаханов.

## Әлемге төнген қауіп

Ашық дереккөз мәліметіне сүйенетін болсақ, 2000 жылдың басынан бері әлемде 72 мыңнан астам террористік акт орын алып, 170 мыңға жуық адам жапа шеккен. Ең ауқымды террористік шабуыл 2001 жылдың күз мезгілінде АҚШ-та орын алды. «Әл Каида» ланкестік ұйымы өз мойнына алған бұл апатта 3 мыңға жуық адам жантәсілім етіп, тарих беттеріндегі жойқын шабуыл ретінде сақталды. Мұндай жағдай американдықтардың елінде өте жиі орын алады. Сонау 23 жыл бұрын болған Егіздер мұнарасындағы терактіден кейінгі ауқымды қанды қастандық Ресей, Үндістан, Испания секілді алпауыт мемлекеттерде болды. Шабуылдардың басым бөлігі діни сипатта болғанымен, өзге де мақсатта орын алады.

Еске сала кетсек, 2024 жылдың наурыз айында жүздеген адамның



террористік ұйымының Ауған тарауы өз мойнына алды. Шабуыл ату, ұру, өртеу, жарылыс секілді әрекеттерді қоса отырып, нәтижесінде 145 адам қайтыс болды. Күні кеше АҚШ-та өткен сайлауалды митингте президенттікке кандидат Дональд Трампқа оқ атылды. Бұл да бір қасақана жасалған қатыгездіктің түрі емес пе?

## Қазақстандағы терроризмге тұсау қойылды ма?

Бұл қатер бізге де таңсық емес. Деструктивті діни ағымдар мен діни терроризмдердің көрінісі біздің де елде орын алды. Ашық ақпарат көздеріне сүйенсек, бүгінге дейін 18 теракті орын алып, 106 адам қайтыс болған.

2016 жылы Қазақстанның екі өңірінде жойқын террористік акт болды. Бұл орын алған қайғылы оқиғалар күллі қазақ халқын дүр сілкіндірген үлкен сынақ болды. Тіпті бұл жағдай әлем назарын аудара алды.

2016 жыл, 5-маусым. Ақтөбе. Рамазан айының қарсаңында орын алған атыста 25 адам қайтыс болды. Оның 18-і қаскөйлер. Тапа тал түсте басталған атыста 4 тұрғын және үш әскери қызметкер жан тапсырды. Тергеу кезінде қылмыстық топтың негізгі мақсаты болмағаны анықталған. Олар қаруланып Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Ақтөбедегі ғимаратына, одан кейін түзету мекемелері мен мемлекеттік органдарға шабуылдауды көздеген.

18 шілде. Алматы. 10 адам қаза тапқан лангестік шабуылдың

на бас бостандығынан айырылады. Өткен жылы алғаш рет сұхбат берген ол қайтыс болғандардың туыс-туғанынан кешірім сұрап, көз жасына ерік беріп, өкінішін жасырмады. «Мен адастым» деген Руслан бүгінде қатаң режимдегі колонияда жазасын өтеуде.

Өткен жылдың статистика мәліметтері бойынша Қазақстан терроризм актілерінің жиілігімен 93-ші орынға тұрақтаған. Сондай-ақ бүгінде экстремистік және террористік қылмыстар үшін 340-тан астам адам бас бостандығынан айырылған.

## Қандай жаза беріледі?

Бүгінде қамаудағы қылмыскерлердің көбі 5 жылдан 8 жылға бас бостандығынан айырылғандар. Сондай-ақ 15 жылдан 20 жылға дейін, тіпті өмір бойы бас бостандығынан айырылған азаматтар да бар. Олардың көбі 30 жастан асқан, арнаулы және орта білімі бар азаматтар. Бүгінде терактіге қатысты жалған ақпарат таратып, үрей туғызатын «әзілқойлар» көбейді. Олар үшін де заң бар. Терроризм актісі туралы жалған ақпарат берген азаматтар 5000 АЕК көлемінде (18 млн теңге) айыппұл төлеуге немесе бес жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Терроризм актілері көбіне психологиялық тұрғыдан тұрақтылық болмаған жағдайда орын алады. Оның алдын алу үшін ойлау және дұрыс әрекет ету дағдысы енді қалыптастырып келе жатқан балаларды ақпараттандырып, бұл қылмыстың қаншалықты ауыр екендігін ұғындыру қажет. Дереккөздегі мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда көмелетке толмаған 2 жасөспірім терроризмді насихаттау немесе терроризм актілерін жасауға жариялы түрде шақырғандығы үшін қамауға алынған.

Сондай-ақ бұл қауіптен сақтану үшін бірқатар мемлекеттік бағдарлама қолға алынды. Атап айтқанда, ҚР-да діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. Мақсаты – адамның, қоғамның және мемлекеттің діни экстремизмнен туындаған зорлық-зомбылық пен терроризм қаупінен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Терроризм – төрткүл дүниеге төнген қауіп. Ол тек дінге ғана қатысты емес, қоршаған орта мен қоғамның бір-біріне деген қатынасынан да туындайтын дағдарыс. Сол себепті күмәнді және қауіп тудыратын әрекеттен, адамдардың өміріне қатерін тигізетін істерден аулақ, ал өзіміз сақ болайық.

Қорлан САРЫ

## ЖАСТАР ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



### Халықаралық шахмат күні

Қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі мен Уникум өнер-спорт-білім орталығының бірлесе ұйымдастыруымен Халықаралық шахмат күніне орай орталық алаңда спорттық іс-шара өткізілді.

Уникум орталығының балалары шахматтан қойылым қойып, ән мен жырдан шашу шашты.

Халықаралық, республикалық турнирлердің бірнеше дүркін чемпиондары Азат Әмреев пен Ернар Ержанұлы шахмат тақтасы арқылы өзара сайысқа түсті. Қос спортшы тақта арқылы жүріс жасаған сайын тірі фигура қызметін Уникум орталығының балалары атқарды.

Іс-шара аяқталар тұста тірі фигура қызметін атқарған барлық оқушыға қалалық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі тарапынан алғыс хаттар табысталды.

### Жастар керуені

Арал аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Сексеуіл кентінде жастарды әлеуметтендіруге бағытталған «Жастар керуені» шарасы өткізілді.

Шараның мақсаты – жастарға, оның ішінде NEET санатына басымдық бере отырып, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттау, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету, жұмыспен қамтылуына жағдай жасау, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру.

Кенес беру жұмыстарына аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі, мансап орталығының мамандары қатысып, мемлекеттік бағдарламалар бойынша кең көлемде ақпарат берді.

Сонымен қатар шара барысында кіші футболдан кент жастары арасында арнайы турнир ұйымдастырылып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

### «Алтын босаға» сайысы

Аудандық жастар ресурстық орталығы мен «Жас Арал Өрендері» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан мүмкіндіктер керуені бүгінде Пірімов ауылына барды. Дәстүрге сай жастар керуенінде ауыл келіндері бар өнерін салып, бақ сынасты. «Алтын босаға» келіндер көрмесіне қатысқан әрбір келіншекке номинациялар бойынша бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Шара қыздар арасында волейбол жарысы арқылы жалғасын тапты. Сайыс нәтижесі бойынша жүлделі I орынды №92 мектеп командасы иемденсе, II орынды «Құмжик жастары» командасы, III орынды №266 мектеп-лицей командасы қанжығасына байлады.

Кешкілік уақытта ауыл тұрғындарына сала мамандарының қатысуымен бағдарламалар жайлы түсіндірме жұмыстары жасалды. Шара соңы аудан өнерпаздарының қатысуымен өткен гала-концертпен тәмамдалды.

### Жастар жәрмеңкесі

Қармақшы аудандық «Qadam» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Төретам кентінде «Qadam Kegen» жастарды әлеуметтендіруге бағытталған жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкеге сала мамандары қатысып, жастарға мемлекеттік бағдарламалар, кәсіпкерлікке бағытталған гранттар мен несиелер, жұмысқа орналасу бойынша кеңес берді. Шара соңында жергілікті өнерпаздар өнер көрсетіп, жастар арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылып, белсенді жастар марапатталды.

### Суға жүзуден сайыс өтті

Жарысқа қатысушылар 50 метрге еркін әдіспен жүзуден бақ сынасты. Жарыс нәтижесі бойынша кент атынан қатысқан Мейрамбек Оразбаев III орын, М.Шәменов ауылының ардагері Мейрамбек Рахимов II орын, Бұқарбай батыр ауылының ардагері Нұрлыбек Төлеубаев I орынды қанжығасына байлады. Одан бөлек 60 жастан жоғары санатта қатысқан ардагерлерге түрлі номинациялар берілді.

Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы медаль және дипломмен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл игі дәстүр жалғасын тауып, шара ауқымды кенейе түспек.

### Кіші футболдан турнир

Асқар Тоқмағамбетов ауылында ауыл жастары арасында кіші футболдан турнир өтті. Турнирге ауыл жастарынан 8 команда құрылып, өзара мықтыны анықтады.

Ұйымдастырушылардың шешімімен Диас Әділбек «Үздік қақпашы», Бекзат Маханбетжанов «Үздік шабуылшы», ал Айбек Маханбетжан «Ең жас ойыншы» атанды.

Турнир қорытындысы бойынша жүлделі III орынды – 2003, жүлделі II орынды – 2001 жылы дүниеге келгендер, ал жүлделі I орынды «Жастар» командасы иеленді.

Жарыс жеңімпаздарына «Аманат» ШҚ және Нұржан Қанибаевтың демеушілігімен ақшалай сыйлықтар мен жеңімпаздарға командалық медаль және кубок табысталды.

### «Шиелі даусы – 2024» мега жобасы

Шиелі кенті әкімдігінің қолдауымен, «Арман мәдениет үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ұйымдастыруымен алғаш рет өтіп жатқан «Шиелі даусы – 2024» мега жобасының «Жекпе-жек» кезеңінің үшінші бөлімі қорытындыланды.

Өткен аптада «Жекпе-жек» кезеңінің екінші бөлімінде таңдап алынған 12 үміткер әлемдік хит әндерді орындап бақ сынады. Әр тәлімгердің тобынан 1 қатысушы жобадан шығарылып, жекпе – жек кезеңінің төртінші бөліміне 9 үміткер жолдама алды. Жобадан шығарылған қатысушыларға алғыс хаттар беріліп, құрмет көрсетілді.

Жобаның басты мақсаты – өскелең ұрпаққа ән өнерінің негізін қалыптастыру, Шиелі өңіріндегі таланттарды шыңдау, вокалдық тұрғыдағы маңызды, сауатты, кәсіби деңгейдегі біліммен бөлісу, халықтық және заманауи үлгідегі әлемдік деңгейдегі әндерді насихаттау.

### Дәстүрге жол – Аққорған

Түгіскен ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Дәстүрге жол – Аққорған» атты аналар қоғамдық бірлестігінің ашылу салтанаты өтті. Салтанатты шараны аудан әкімінің орынбасары Бектас Нуридинов пен «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрайымы Алтынай Былаева ашып беріп, ізгі тілектерін білдірді.

Шара барысында қазақтың ұлттық колөнері әшекей бұйымдарымен ұлттық киімдерден жасалған көрме, сондай-ақ ауыл келіндерінің күбі пісу, табаға нан жабу, бауырсақ пісіру т.б. көріністері ұйымдастырылып, ауыл әжелерінің ұршық иіру, жүн түтуі көріністері көпшілік назарына ұсынылды.

Қоғамдық бірлестіктің ашылу салтанаты әрі қарай клуб үйіндегі «Абысын-ажын» атты аудандық келіндер сайысымен қорытындыланды.

«АЖ» ақпарат



өмірін ұрлаған «Крокус Сити Холл» концерт залында террористік акт шабуыл болды. Мақсаты – жазықсыз және бейбіт қала тұрғындарын жаппай өлтіру деп танылды. Терактінің жауапкершілігін «Ислам мемлекеті» – «Виляят Хорасан» халықаралық

қылмыскері Руслан Күлекбаев. Қайтыс болғандардың көбі полиция қызметкерлері болды. Оның мүлкі тәркіленіп, өлім жазасына кесілді. Десек те 2021 жылы өлім жазасына мораторий жариялануына байланысты Күлекбаев өмір бойы-

## ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНА ЖАҢА БАСШЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы қызметіне белгілі қоғам белсендісі, жайдарманшы Басаров Әліби Төлепбергенұлы тағайындалды.

Әліби Төлепбергенұлы 1990 жылы Қызылорда

қаласында дүниеге келген. «Болашақ» университетінде «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша білім алған.

Алғаш еңбек жолын 2012 жылы «Қызылорда жастары» қауымдастығының жоба үйлестірушісі болып бастады;

2013-2014 жылдары «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ «Қызылорда КВН» филиалының әкімгері;

2014-2017 жылдары облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің қалалық бөлім басшысы;

2017-2019 жылдары қалалық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің кеңесшісі;

2019-2020 жылдары «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігінің жоба үйлестірушісі;

2016-2021 жылдары «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ «Қызылорда КВН» филиалының директоры;

2021-2022 жылдары Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің жастар шығармашылығы және бұқаралық спортты дамыту бөлімінің басшысы;

2022-2024 жылдары Қалалық қоғамдық даму бөлімі КММ-нің «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры болып қызмет атқарды.

«АЖ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА

АРАЛ

ҚАЗАЛЫ

ҚАРМАҚШЫ

ЖАПАҒАШ

СЫРДАРΙΑ

ШИЕЛІ

ЖАҢАҚОРҒАН

### ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

Қызылорда облысының Әділет департаменті, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (БСН 050240004038); «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Қармақшы ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (БСН 050240001370); «Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған ауданаралық әділет басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (БСН 050240002190) таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 52, 3 қабат, 312 бөлме.



# ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ: ДЕРТКЕ АЙНАЛҒАН ДӘСТҮР

Қыз алып қашу – өз заманында қоғамның қажеттілігіне орай пайда болған үрдіс. Қалыңдыққа құла түсуге шамасы келмеген отбасы өзара келісіп, қызды алып қашуға рұқсат алған, – дейді қалалық «Мүсірәлі ата» мешітінің бас имамы Қайырбек Отызбаев.

Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын оқымаған қазақ кем де кем. Трагедияға толы шығармада Матай руының қызы Еңлік пен Тобықтының жігіті Кебек бір біріне ғашық болып, қыздың атастырылғанына қарамастан елден бірге қашады. Әдет-ғұрыптан аттап, ата дәстүрге бағынбағандары үшін жастарды екі елдің үлкендері өлім жазасына кеседі. Соңында қос ғашық бақилық болады.

Осы оқиғадан байқағанымыздай ата-ананың разылығын алмай, қарсылығына қарамастан алып қашып, үйлену – шариятқа қайшы. Дінде ата-анаға бой ұсыну, олардың разылығын алу парыз. Бұл туралы Қайырбек Отызбаев толық айтып берді. – Алла Тағала «Раббың, өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық жасауларыңды әмір етті» дейді. Хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) «Алланың разылығы – әке-шешенің разылығында, ал Алланың қаһары – әке-шешенің ашуында» деген. Ендеше ата-анаға бой ұсыну, олардың разылығын табу үйленуден жоғары тұрады.

Қызды еркінен тыс зорлықпен алып қашу шариятқа қайшы. Некеleşіп, отбасын құру аса жауапты қадам, ол – адам баласының ұрпағы қияметке дейін жалғасу үшін шарияттың бекіткен заңдарының бірі. Неке киноды Алла Тағала Қасиетті Құранда ауыр серт, берік уәде деп атаған. Ол жайлы Әбуғұрайдан (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған сәлемі мен игілігі болсын) «Қыз келісімін бермейінше тұрмысқа шықпайды» деген. Сонымен қоса уәлидің (әкесі, ағаның) рұқсатынсыз да неке дұрыс болмайды. Міне, осы нұсқауларға байланысты қызды бір көргеннен қалыңдық етемін деп зорлықпен алып қашу некеңнің шарттарына қайшы келеді. Ал қызды алып қашу – біреудің аманатына қол сұғу.

Ислам әйелдің дәрежесін көтеріп, құқықтарын қорғайды. Әйел сауда-саттық жасауға, білім алып, тәлім беру құқығына ие. Ал қызды алып қашу – оның құқығын, ар-намысын аяқ асты етіп, еркіндігін шектеу. Сондай-ақ ҚР Ата Заңы және ҚР Қылмыстық кодексі бойынша да мұндай әрекет қылмыс саналады. Адам ұрлау заңмен жазаланып, бас бостандығынан айырылады, – деді имам.

Отбасылық жағдайға байланысты есіжақты келісім арқылы қызды алып қашуға рұқсат алғандар да жоқ емес.

– Қалыңдықты құда түсіп алуға шамасы келмеген отбасылар өзара келісіп, қызды алып қашуға рұқсат береді. Бұл бойжеткенді алып қашуға болады дегенді білдірмейді. Бәлкім, ол екі жақтың өзара келісімі. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» дегендей, бұл көріністің шариятқа қайшылығы жоқ. Алайда екі жақ өзара келісіп, қызды алып қашуға жол-жоралғы жасағаннан гөрі, құда түсіп алудың салт-сипатын өзара тиімді етіп жеңілдетуі керек. Негізінде шариятымыз жеңілдікке құрылған. Алла Құранда былай дейді: «Алла сендерге жеңілдікті қалайды, қиындықты қаламайды» («Бақара» сүресі, 185-аят).

«Үйлену оңай, үй болу қиын» деген халық даналығы бар. Сондықтан, үлкендердің ақ батасын, ата-ана разылығын ала отырып, отау көтеру – шаңыраққа шаттық, отбасыға бақыт әкелмек, – деді имам.

Жоғарыда аталған көріністерден шығатын үкімге келсек, қызды еркінен тыс алып қашу – харам. Әке-шешесінің разылығынсыз алып қашу шариятқа қайшы. Ал құдалық шараларын атқаруға шамасы келмеген отбасы өзара келісіп, қызды алып қашуына рұқсат етеді.

Діни тұрғыдан алып қашудың мәні мен себебін түсіндік. Сонда шариятқа қайшы іс қай кезеңде қазақтың дәстүріне айналған? Қоғамда алып қашудың қалыптасуы жағдайға айналып, дәстүрдің қатарына енуіне дұрыс емес түсінік әсер еткен секілді. Тарихшылардың айтуынша, әр заманның өз дәстүрі, құндылығы бар.

Қыз алып қашудың қай санатқа топтастырылатынын анықтау үшін дәстүр мен құндылықтың өзіне тоқталған абзал. Дәстүртанушы Сәкен Алдашбаев құндылықтарды ұлттың жүріп өткен жолында ұстанған дүниелері, халық ұстанған әдеттер дейді. Оның айтуынша, қыз алып қашу бұл топқа жатпайды. Ұлттық құндылық болу үшін я салтқа, я дәстүрге сүйену керек. Дәстүр заманның, қоғамның, кезеңнің ыңғайына байланысты қалыптасқан, уақыт өте жоғалып немесе ырымға өтетін амал әрекеттер. Салт пен дәстүр екеуі бөлек ұғым. Қыз алып қашу екеуіне де келмейді.

– Ата-баба тарихында мұндай алып қашу болған гоі десек, бағзы замандағы ұлттық құндылыққа тереңнен қарауымыз қажет. Ал ол кезеңде қыз алып қашу әдебі, дәстүрі болмаған. Бүгінде біздің алып қашу дегеніміз қызды жеңгесі арқылы қашыру дегеннен шығып, шатастырылған дүние. Егер қос ғашық атастырылуға жағдайы келмейтін болса, ата-ананың разылығын алып, жеңгесінің үйі арқылы қыз қашырылатын болған. Біз осы түсінікті алып қашумен алмастырып алғанбыз.

Қыз – кез келген дүниенің құнынан жоғары. Қазақ халқы қыз баласын жоғары бағалаған. Оның белгілі мөлшерде бағасы жоқ. Ал қайтарымы, өтемі ата-анасы, аға-інісінің разылығында. Өзіңіз де білесіз, қазақ әдебиетінде түрлі жыр-дастандарда бойжеткенді алып қашып кеткен жағдайлар кездеседі. Бірақ байқасаңыз мұндай шығармалардың нүктесі өте аянышты. Екі жақтың үлкендері, әулеті ризашылық білдірмейді. Яғни бұл ата-бабамыздың қызды алып қашуға рұқсат бермегенін білдіреді. Бұл біздің болмысымызда жоқ. Разы болмаған соң ұрпағы да дұрыс болмайды. Екі елдің арасында дау туындап, соны соғысқа ұласқан жағдайлар да бар. Егер қазақ мұны дұрыс деп құптаған болса екі жасқа бақыт тілеп, ақ батасын беретін еді, – деді дәстүртанушы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биыл өткен Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысында прогрессивті қоғамның мұраттарына қайшы келетін қыз алып қашу тәжірибесін тоқтату туралы айтқан еді. Ресми емес деректерге сүйенсек, әлемдегі әр бесінші қыз алып қашудың құрбаны болады екен. Бұл туралы заң не дейді?

Қыз алып қашуға байланысты арнайы бап немесе қыз ұрлағандарға жауапкершілік қарастырылмаған. Бірақ ҚР Қылмыстық кодексінің 125-бабында адам ұрлауға қатысты қылмыстық жауапкершілік көрсетілген. Адам ұрлау қылмысы үшін төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы



қарастырылған.

– Алып қашуды бірі батылдық пен махаббаттың символы дейді. Бірі жауыздыққа теңейді. Әрине, бұл сол сәттегі жағдайға байланысты. Әжемнен «көршінің қызын алып қашып кетіпті» дегенді жиі естіп өстім. Соның салдарынан ба, білмеймін, бұл мен үшін қалыптас жағдайға айналды. Өз келісіммен, ата-ананың батасын алып қашуды жоспарлау құптарлық іс секілді. Бірақ аяқ асты болғанда қиын екен. Ішкі дүниеңде төңкеріс, психологиялық тұрғыдан әлсіз боласың да қаласың. Сол ортада белгілі бір қысымға тап боласың. Мұны өз басымнан өткенде ғана ұқтым. 18 жасымда 2 рет көрген бейтаныс бала үйіне келін етіп түсірді. Қорқыныштың әсерінен қалып қойдым. Ол кезде заң бойынша жауапқа тартуға болатынын да білмедім. Қазір жасым 30-дан асты, 2 баламыз бар, – деді қала тұрғыны Сабина Ержанқызы.

«Халық айтса да, қалып айтпайды» демекші, қыз алып қашу мен қызды жеңгесі арқылы қашыртыудың айырмасын, негізгі мәнін білетін, кейінгілерге айтып жүрген үлкендеріміз бар.

8 баланың анасы, немеренің қызығын көріп, шөберенің қолынан су ішкен Әсия әжеймен сөйлесіп, пікірін біліп қайттық.

– Біздің дәуірде алып қашу болды. Бойжеткеннің қарсылығына, наразылығына қарамай, ақ орамал жауып, апалары көндірген жағдайлар көп. Ол кезеңде шағымдануға, өз құқығын қорғауға біраз қыздың жүрегі дауаламайтын. Танымалың әулетке келін болып түсіп, бақытты отбасы болып кеткендер де, бірін-бірі түсіне алмай, тағдырлары екіге бөлінгендер де бар.

Бұл жерде қыз немесе ер бала деп емес, жалпы адам, тұлға ретінде қарасақ, рұқсатсыз алып қашу, ұрлау жабайлық емей енді не? «Бұл ата-бабадан келе жатқан қазақы дәстүр» дейтіндер болған, әлі де бар. Міне қате түсінік, жастардың санасына жат ұғым осыдан келеді. Қызды алып қашқанның өзінде алдымен арудың өзі келісіп, ал әулеттің үлкендері

батасын беріп, екі ауыл келісіп, ортақ шешімге келген. Осыны жастар түсініп, ажырата білсе екен деймін, – деді 80 жастағы Әсия әже.

Апаның «біздің дәуір» дегені КСРО-ның уақыты. Сәкен Алдашбаев та Кеңес үкіметі заманында қызды қашыру амалының өзгеріске ұшырағанын айтқан еді.

– КСРО кезеңінде қызды қашыру амалын жабайы түрде қыз алып қашу деген үрдіске айналдырып жіберген. Ал үрдіс ешқандай қағидаты жоқ нәрсесі. Қазір оны «құлттық құндылығымаз бар еді, дәстүрде бар еді» десе қатты қателеседі. Бұл ұлттың болмысына күйе жаққанмен тең. Себебі қазақ ондай деңгейде жабайылық жасамаған, – деді.

Бастапқыда бұл үрдіс белгілі бір қажеттіліктерге байланысты қалыптасқан болса, қазір қоғамның дамуы мен адам құқықтарының нығаюының нәтижесінде оның заңсыз әрі адам құқығына қайшы екені айқындалды. Ислам діні мен заң тұрғысынан да қыз алып қашудың жат екені анық көрсетілген.

Мәселені қорытындылай келе, Қызылорда облысы полиция департаменті баспасөз хатшысының мәліметіне сәйкес, өңірде қыз алып қашу ісі бойынша 5 жыл аралығында ешқандай факті тіркелмеген. Дегенмен бұл қоғамда қыз алып қашуды мүлде орын алмайды деген сөз емес. Себебі жабулы қазан сипатында қалған жағдайлар қаншама... Қоғамның байлығы – адам екенін естен шығармайлық!

Әлия ЖАНӘБЛҚЫЗЫ



«Мінезсіз

адам болмайды, қисықсыз қадам болмайды. Бұл жалғанда үш даусыз нәрсесі бар: бірі – көрілік, бірі – ажал, бірі – мінез. Осы даусыздарға төзімді бола біл!» деген екен хәкім Абай. Расымен үш даусыз адам тағдырының бір бөлігі. Тарқатар болсақ, көрілік – табиғаттың заңдылығы. Тірі жан уақыт өте қартайды, әлсірейді, бірақ рухани жетіліп, даналыққа жетеді. Ажал – әр тағдырдың нүктесі, өмірдің шегі. Одан қашып құтылу мүмкін емес. Ал келесі даусыз мінез – ол ішкі дүниенің бейнесі. Адамның мінезі туғаннан бастап өмір бойы жетіледі, сол арқылы әр тұлғаның ерекшелігі, қайталанбас қасиеттері қалыптасады. Сондықтан да мінезсіз адам болмайды.

Жазбаның жазылуына арқау болған тақырыпты кеңінен ашар болсақ, «мінездің қалыптасуына не әсер етеді?» деген сауал туындайтыны хақ.

Тәрбие – адамды адам ететін, оның рухани және моральдық қағидаларын қалыптастыратын маңызды процесс. Үлкенге құрмет, кішіге ізет, адалдық, еңбекқорлық, қайырымдылық, қонақжайлық секілді қасиеттерді жоғары қоятын қазақ халқының тәрбие беруі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениет пен салт-дәстүрге негізделген. Әрбір қазақ отбасында балаға ата-ананың, ата-әженің өнегелі сөздері, іс-әрекеттері арқылы тәрбиелік мәні бар сабақтар беріледі. Бұл қасиеттер бала мінезінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. «Адам болатын бала алысқа қарайды» деген мақал осы тәрбиенің түпкі мақсатын айқын көрсетеді. Яғни балаға болашақты ойлап, оның жауапкершілігін түсінуге үйрету, мінезінің мықты,

Мінез – күрделі әрі көп қырлы құбылыс. Ол адамның өмірін, әрекетін, қарым-қатынасын анықтайтын маңызды элемент. Бірақ оның табиғаты қандай? Ол табиғи қасиет пе әлде тәрбие мен қоршаған ортаның ықпалынан қалыптаса ма?

# МІНЕЗ — ЖАННЫҢ МІНСІЗ АЙНАСЫ

қайсар, әділ болуына жағдай жасау, ата-ананың сөздері мен іс-әрекеттері баланың санасында мәңгіге қалады. Сондықтан қазақы тәрбиеде баланың алдында жаман сөз, өтірік айту, теріс қылықтар көрсетуге қатаң тыйым салынған. Мінез қалыптасуында да отбасының рөлі бар екенін қазақ бабам бұрыннан білген. Бұл ғылымда да дәлелденген тұжырым.

Ғалымдар белгілі бір мінез-құлық үлгілерінің ата-анадан балаға берілуін зерттеген. Мысалы ата-анасы сабырлы және салмақты адамдардың балалары осыған ұқсас қасиеттерге ие болады. Музыкалық қабілеті жоғары ата-аналардың балалары музыкаға бейім келеді деген секілді тұжырымдар бар. Сондай-ақ тұқым қуалау арқылы берілетін кейбір темперамент түрлері бар: холерик, сангвиник, меланхолик, флегматик. Бұл мінез түрлері адамның эмоционалды реакциялары мен әлеуметтік өзара әрекеттерін анықтайды. Темпераменттің төрт түрі адам мінезінің табиғи жағдарын сипаттайды.

Жұырда мына бір жағдай мені ойға қалдырды. Асылхан мен Айша – өз ортасында құрметке ие жұп. Асылхан – кәсіпкер, ал Айша – қоғам белсендісі. Олардың өмірі сырттай мінезсіз көрінгенмен, іштерінде мұң бар.

Асылхан бала күнінде әкесінің қатал тәрбиесін көріп өскен. Ол бизнес құрып, жетістікке жетсе де, жүрегі әке жылуын аңсайды. Жазира керісінше,

отбасы мен бауырларының мейіріміне бөленіп өсті. Әдеттегі қарбас күн еді. Асылхан жұмыстан кеш оралып, үйде ешкімнің күтіп алмағанына ренжіп, Айшаға ауыр сөздер айтты. Жазира көз жасын тия алмай, бөлмесіне жүйірді. Бұл ұрыс жүректерінде жасырылған жараларды қайта жаңғыртты.

Ойлана келе, Асылхан қаталдығын балалық шағымен байланыстырып, қателігін ұғып, өз мінезін өзгертуге шешім қабылдады. Айша да оның жүрегіндегі мұңды түсініп, қолдау көрсетуге дайын болды. Олар бір-біріне сүйеніп, барлық қиындықтарды бірге жеңуге уәде берді. Осылайша жас жұп мейірім мен түсіністік арқылы жүректені жараларын емдеуге ұмтылды.

Иә, әр адамның өмір жолы ерекше. Бұл оқиға адамның мінезі өмірлік тәжірибеден де генетикалық ерекшеліктер маңызды болғанымен, өмір жолында кездестірген түрлі оқиғалар адамның шынайы мінезін қалыптастырады. Сондықтан әрбіріміздің өмірімізде маңызды рөл атқаратын әлеуметтік ортаның мәнін бағалай білуіміз қажет. Адам болмысын түсіну үшін оның өткен өмірін, тәрбиесін және қоршаған ортасын ескеруіміз қалдыруға болмайды.

Инжу МАРЖАН

# ҒЫЛЫМ МЕН ӨМІРДІҢ ҮЙЛЕСІМІ



Білім мен ғылым саласында тың зерттеулер жүргізіп, іскерлік пен ұйымдастыру қабілетін ұштастырып, мықты менеджер ретінде танылған нәзік жандар аз емес. Олар – отбасының да алтын қазығы. Сондай жандардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, филология ғылымдарының кандидаты Майнүр Бөрібаева.

Кейіпкеріміздің ғылымға келуі, ұстаздары мен жұмыс барысындағы жаңалықтардан хабардар болу үшін Майнүр Әбілтайқызымен сұхбат құрдық.

– Еңбек демалысына қарамастан сұхбатқа келіскеніңіз үшін рақмет! Айтыңызшы, демалыс уақытын қалай өткізгенді ұнатасыз?

– Демалыс – тынығу ғана емес, жан дүниені тынышталау да. Мұндай уақытта кітап оқып, өзіңнің зерттеп жүрген бағытың бойынша ғылыми мақала жазуға тырысамын. Әрине, табиғат асында балаларыммен демалғанды, таза ауада ұзақ серуендеп, әңгіме-дүкен құруды ерекше жақсы көремін. Бұл – менің өміріме қуаныш пен шабыт сыйлайтын мезеттердің бірі.

Бауырларыңыз ғылымға жақын мамандар. Сіз бұл салаға отбасылық миссия ретінде қарадыңыз ба, әлде жүрек қалауы ма?

– Менің ғылымға бет бұруыма бір-ақ себепкер бар. Ол – менің ғылыми жетекшім, рухани ұстазым Нұрсұлу Шаймерденова.

Жасыратыны жоқ, әкемің «қыз бала мұғалім, ұл бала заңгер болуы керек» деген нақты ұстанымы болатын. Осы қағидам «оқуды бітірсең мектепте орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі болымын» деп Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде филология факультетінің студенті атандым.

1-курста «Славян филологиясына кіріспе» пәнінен лекция оқуға кірген оқытушыға бірден ғашық болдым деуге болады.

Ол профессор Нұрсұлу Жамалбекқызы еді. Студенттермен сөйлесу мәдениеті өте жоғары, академиялық тілмен лекция оқып, үйге берген тапсырмаларын сұрау мәнері де ерекше болып көрінді.

Ол кісі алғашқы оқу жылынан бастап мақала, рецензия, диссертациялардың авторефератына рецензия жазуды үйретті. «Өте жақсы, бұл сөздің қолыңыздан келеді, тағы да тырысып көріңіз» деп бізге үміт беріп, өз-өзімізге сенуге күш салды, ғылымға бауылды. Бұл салаға бет бұрамын деген мақсат тіпті ойымда болған емес, сондықтан жүрегімің қалауы деп те айта алмаймын.

Бірақ өмірлік жолымда кездескен ұстаздарыма қарап ойым өзгерді. Сол кісілердей болғым келді... Ұстаздарымның үмітін ақтадым ба, білмеймін. Бірақ есімдерім ешқашан ұмытпай жадыма сақтап, сәтін салған жерде алғыс айтып жүремін.

– Еңбек жолыңыз Алматы қаласындағы №14 орта мектептен басталған екен. Педагогикалық қызметіңізді қандай оқиғаны жиі есіңізге аласыз?

– Иә, университеттен Алматы қаласындағы №14 орта мектепке жолдама алып, жұмыс істеуге кірістім. Ол тек орыс мектебі болатын. Маған бірден сынып жетекшілігі берді. 5-7 сынып оқушыларына «орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі болдым. Қазір ойласам, университетті бітіріп жұмысқа орналасқан, бар жоғы 21 жастағы маман болыппын. Ата-аналар жиналыста мені көргенде бірден шошты. «Өзің бала сияқтысыз, арық, бойыңыз кішкентай, сізді оқушылар қалай тындайды?» деп айтқандары әлі есімде. Расымен бойым өзімнің 5-сыныптағы балаларымның бойымен бірдей болды. Дегенмен жасөспірімдермен жақын тіл табысуға тырыстым. Осылай мектепті жақсы көріп кеттім.

– Естеліктерге әрі қарай шолу жасасак. Осыдан тура 11 жыл бұрын «Болашақ»

бағдарламасы бойынша Ресей халықтар достығы университетінде тағалымдамадан өттіңіз. Өзге елдегі жұмыс, атмосфера ерекше болары анық. Қалай ойлайсыз, «Болашақ» бағдарламасы сізге не берді?

– Мен «Болашақ» бағдарламасының стипендияты болғанымды әрқашан мақтан тұтамын. Осы бағдарламаның арқасында қазақи мінез, рух ұғымдарын терең түсіндім. Шет елде жүргенде өз елің үшін мақтанш әрі сағыныш сезімі пайда болады. Білімімді шыңдап, тағалымдамадан өтіп қана қоймай, Ресей университетіндегі профессор-оқытушылар құрамына Қазақстанның ғылымы, ғалымдардың еңбегін айтып, жетістіктерімен бөлісуге тырыстым. Ғылыми тағалымдама кезінде Мәскеудің баспаханасында монографиямды шығардым. Ол алдын ала кафедрала талқылаудан өтті. Біршама ресейлік журналға мақала жаздым. Сөйтіп еңбегімді басқа кеңістікке таратуға тырыстым. Бұл – керемет мүмкіндік. Сондықтан қазіргі жастарға, әріптестеріме үнемі «Мемлекет осындай мүмкіндік беріп жатса, бағынды сынап көру керек, уақыт өтіп кетеді, жас келеді, ал алған тәжірибе мен білім ешқашан ұмытылмайды» деп айтып жүремін.

– Кітап – сенімді дос, сарқылмас білім көзі. Білуімізше, кітап оқығанды ұнатасыз әрі үйіңізде жеке кітапхана бар. Тіпті қоныс аударғанда кітаптарды ыңғайластыру қиын болған дегені. Жаныңызға қандай жанр жақын? Кітапқа деген махаббат қайдан туындады?

– Кітапқа деген махаббат мектеп қабырғасында пайда болды. Әдебиет пәнінің мұғалімдері сабақ үстінде дауыстап, мәнәреп әдеби кітаптарды оқытатын. Ал өз атам мен әкем инженер-электрик болса да қолдарынан кітап тастамауға тырысатын. Есімде қалғаны – анам үнемі есеп шығарып отыратын. Бала кезде түсінбейтінбіз. Ес жиып, бойжеткенде анамыздың есепші екенін түсіндік. Ауылда тұрсақ та кітап өте көп болды. Бірақ барлығы орыс тілінде еді. Ал тұрмысқа шыққан соң көркем әдеби кітаптар жинай бастадым. Себебі үйдің байлығы, көркі кітап деп есептеймін. Олар сөреде тұрған соң шаң басып, оқымай қалмайды деп ойлаймын. Ал жанрға келсек, әрине, классикалық көркем әдебиет ұнайды.

Бірақ керемет жазықтан фантастика да бар ғой, осы жанр да

жанымға жақын.

– Фейбуктегі естеліктерде ұстазыңыз Элеонора Сүйейменова туралы жиі айтасыз. Сіз үлгі тұтатын жандар туралы бөлісіңізші.

– Сұхбат барысында айтқанымдай, ұстазым тек біреу ғана емес, өмірде кездескен барлық ұстазыма алғыс білдіремін.

Элеонора Дүйсенқызы, Алтай Аманжолов отандық тіл білімі ғылымын Қазақстанға ғана емес шетелге танытқан, талай шәкірт дайындаған белгілі ғалымдар. Нұрсұлу Жамалбекқызы да осы мектептен шыққан, бірлесіп талай еңбектер жазған тұлға. Мен осы тіл білімі ғылымына берілген ғалымдардың ұстаханасында шыңдалғаным қуанымым және оларды үлгі тұтамын. Әрине, уақыт өте келе ой-өрісің кеңейеді, жаңа тұлғалармен танысып, олардың шапағатын көресің. Мен үлгі тұтатын жандардың қатарында Серік Негімов, Дихан Қамзабекұлы мен Бағдат Көрбозовтың есімдері де бар.

– Белгілі нәтижеге қол жеткізуде тепе-теңдікті сақтау маңызды рөл атқарады. Жұмыс пен үй шаруасын қатар алып жүру үшін қандай тәсіл қолданасыз? Жар, ана, келін және басшы ролінде балансты қалай ұстауға болады?

– Әрине, ол оңай жол емес. Жар, ана, келін

және басшы ролінде баланс сақтау қиын. Бұл сұрақтың жауабын мүмкін жақындарымнан, балаларымнан және әріптестерімнің өзінен білген дұрыс шығар. Бірақ мен қандай жұмыспен айналысса да, үй шаруасы, я жұмыс уақыты болсын сабырлық сақтап, позитивті көңіл-күймен жүргенді қалаймын. Өйткені үйде балаларына шабыт берсең олар сабақты жақсы оқиды, өздерінің қабілетіне сенеді, психикалары да тұрақты болады.

Ал қызметкерлер мен әріптестеріңе шабыт сыйлай алсаң, жұмыс та қарқын алып, оң нәтижесін береді. Корпоративтік мәдениет жақсы қалыптасады. Сол үшін ең маңызды қасиет сабыр мен позитивтілік деп ойлаймын.

– Ғылымды теңізге теңейміз. Ізденіс, еңбек әрі уақытты талап ететін салада жұмыс істеу өзінді күн сайын қайраумен тең. Ал жұмысқа деген ынтаны жоғалтып алмауда мотивация мен қолдаудың рөлі зор. Өміріңіздегі қолдаушы кім?

– Өміріңдегі бірінші қолдаушы – әкем мен анам, содан кейін – бауырларым, одан кейін өз отбасым.

Әрине, ұстазымның қолдауы ерекше. Неге екенін білмеймін, бірақ әкем мен анам бес баланың ішінде мені ерекше еркелетіп өсірді. Отбасында әр баланың орны бөлек қой, бірақ маған деген сезімдері ыстық болып көрінетін. Кішкентайымнан орнымның бөлек екенін білдіріп, мотивация мен қолдау көрсетті.

– Филология ғылымдарының кандидаты ретінде жасөспірімдердің психологиясын және балалар әдебиетін зерттеуді қолға алдыңыз. Зерттеу жұмысының барысы қалай?

– Негізі менің зерттеу бағытым көне орыс жазбаларындағы түркі сөздерін зерттеу болатын. Ал балалар әдебиетіне, жасөспірімдер психологиясын зерттеуге біз бір топ әріптестерімізбен ғылыми жоба аясында бас қостық. Өйткені балалардың түрлі гаджеттерге (ұялы телефон, айпап, компьютерлік ойындар) құштар болуы олардың психикасын бұзып, оқу, ойлау, әдемі сөйлеу дағдыларынан айырып жатыр. Жасөспірімдердің арасында сундидтің өршуімен қатар, осы технологиялық құрылыға тәуелділік пайда болып, денсаулықтарына үлкен зиянын тигізуде. Біз бұл мәселені 2011 жылы қозғап, кітап шығарып, ғылыми жоба аясында бірқатар зерттеу жүргіздік. Десек те бұл жағдай өршіп, заманның үлкен проблемасына айналды.

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі ғылым саласы қандай деңгейде? Ғалымдар зерттеу жұмысы барысында қандай бағытқа басымдық береді және олардың ғылыми зерттеулері туралы айтсаңыз.

– Бұл ауқымды кең, тіпті бөлек сұхбат ұйымдастырып, толық тарқатуға

тұрарлық сұрақ. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті өткен жылы алғаш рет QS World University Rankings-2024 халықаралық рейтинг агенттігінің талдауы бойынша әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының қатарына кірді.

Тұрақты даму мақсаттарына үлес қосу бойынша алғаш рет UI GreenMetric әлемдік рейтингіне қатысып, белділі тізімде 1015 орынға тұрақтады. Осы рейтингтерден бастаған себебін барлығының ішінде ғылыми зерттеулер мен жобалар, шетелдік ғалымдармен бірлесіп орындаған зерттеулер ескерілді. Міне, осындай әлемдік деңгейге жетуде университет ғалымдарының үлесі зор.

Университетке ғылымнан түскен қаржы 2020 жылмен салыстырғанда 5,4 есеге өсті. Тек бытыр Ғылым комитетінің қаржыландыруы мен әртүрлі компаниялардың тапсырысы бойынша орындалып жатқан, ұтып алған жобалардың құны 1 324 299 291 теңгені құрады.

Университет ғалымдары бағдарламалы-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында Қызылорда облысында су тапшылығы жағдайында мал азықтық дақылдарды мен ағаш екпелерін суару үшін сарқынды суларды қауіпсіз утилизациялау технологиясын әзірлейтін болады.

Университетте 8 бағытта ғылыми журнал шығарылады. Оның біреуі Ғылым және жоғары білім министрлігінің тізіміне кіреді.

Өткен жылы Қазақстанның жыл сайынғы 75 мемлекеттік ғылыми стипендиясының үшеуі университет ғалымдарына берілді. Сонымен қатар олар былтырдан бастап Ұлттық ғылыми кеңес мүшелеріне қосылды.

Ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мақсатында 3 диссертациялық кеңес жұмыс істейді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен «500 ғалым» бағдарламасы бойынша шетелде ғылыми тағалымдамадан өту үшін 25 адам жолдама алды. Сондай-ақ ынтымақтастық туралы меморандумдар шеңберінде 5 халықаралық жоба іске асырылды.

Нова Лиссабон университетінің ғалымдарымен бірге алысгеймер және паркинсон ауруларының алдын алу үшін дәрі-дәрмек әзірлеу халықаралық жобасы орындалуда. Бұдан бөлек, құрамында мұнай бар қалдықтарды қайта өңдеудің инновациялық технологиясы әзірленді.

Университет ғалымдары облыстағы Сығанақ, Жанкент, Сортобе, Қышқала, Бәбіш мола, Асанас қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстарын Германиядағы Тюбинген университетінің

және Ресей ғылым академиясының Миклухо Маклай атындағы Археология және этнология институтының ғалымдарымен бірге жүргізеді. Жуырда университеттің жас ғалымы 2024-2027 жылдарға арналған халықаралық ғылыми жобадә жеңіске жетіп, жапондық әріптестермен бірге Арал маңында ежелгі дәуір ескерткіштерінен табылған жәдігерлерге архео-ботаникалық әдіс арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізетін болады.

Ғалымдар алғаш рет африкалық тары сорттарының перспективалық үлгілерін Арал өңіріне егіп, тұзды топырақта құмай өсіру технологиясын ғылымға енгізгенін айта кету керек.

2021-2023 жылдары Мичиган университеті (АҚШ), Ховест қолданбалы ғылымдар университеті (Бельгия), Люблина университеті (Словения) және Еуропалық Одақтың Erasmus+ орталықтарымен біріккен 4 халықаралық білім беру жобалары жүргізілді.

Өткен жылдан бастап Оңтүстік Корея Республикасы Үкіметінің қолдауымен Сеул ұлттық ғылым және технологиялар университетімен (СеулТех) ынтымақтастық аясында Жасанды интеллект және информатика институты ашылды. ЖОО-ның өзге де шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық байланысы артты. Қаннам университетімен (Корей Республикасы), Қытай мұнай университетімен (КХР), Томск политехникалық ұлттық зерттеу университеті, Дубна университеті (РФ), «Ташкент ирригация және ауылшаруашылығын механикалаңдыру инженерлері институты» Ұлттық зерттеу университетімен (Өзбекстан) бірлескен білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Жақында Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінде Қорқыт ата университетінің өкілдігі ашылды.

2023-2024 жылдары 9 оқытушы диссертация қорғады, оның ішінде 6 адам біздің университеттің докторантура түлектері.

– Білім ордасының қызметкерлері мен білім алушыларының ғылыми жұмыстарына қандай қолдау көрсетіледі? Ғалымдарға арналған жобалар туралы айтсаңыз...

– Ғалымдардың ғылыми зерттеулерге ынтасын арттыру мақсатында әлемдік базаларда индекстелетін рейтингі жоғары журналдарда еңбегі жарияланғаны үшін көтермелеу шаралары көзделген. Оларға кейінгі екі жылда қаржылай қолдау көрсетілуде. Ал жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуге арналған ішкі гранттар конкурсы 3 жылдан бері ұйымдастырылуда. Биыл үздік деп танылған 8 жобаның авторына 1 250 000 теңгеден грант сертификаты табысты. Осы жылдан бастап грант қаржысы 20 миллионға дейін көтерілді.

Наурыздан бастап Түркияның жастар және спорт министрлігінің қолдауы, қаржыландыруымен «Мәдени мұра» халықаралық жобасы іске асырылуда. Осы жоба аясында белсенді жастар мен жас ғалымдар Түркияға тегін тағалымдамаға жіберіледі. Бірінші ілді осы жылдың мамыр айында барып келді.

– Сізді әріптестеріңіз жігерлі қолбасшы ретінде сипаттайды. Ал жұмыстан тыс Майнүр қандай?

– Күлкілі болса да, шындық... Жұмыстан тыс Майнүр – жұмсақ, мейірімді, балмұздақ пен ұйқыны жақсы көретін адам.

– Сіз үшін бақыттың құпиясы...

– Мен үшін бақыттың құпиясы – адамдарға жақсылық жасау, еліңе қызмет ету.

– Сұхбатыңызға рақмет!



профессор Нұрсұлу Жамалбекқызы еді. Студенттермен сөйлесу мәдениеті өте жоғары, академиялық тілмен лекция оқып, үйге берген тапсырмаларын сұрау мәнері де ерекше болып көрінді.



– Фейбуктегі естеліктерде ұстазыңыз Элеонора Сүйейменова туралы жиі айтасыз. Сіз үлгі тұтатын жандар туралы бөлісіңізші.

– Сұхбат барысында айтқанымдай, ұстазым тек біреу ғана емес, өмірде кездескен барлық ұстазыма алғыс білдіремін.



– Бұл ауқымды кең, тіпті бөлек сұхбат ұйымдастырып, толық тарқатуға тұрарлық сұрақ. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті өткен жылы алғаш рет QS World University Rankings-2024 халықаралық рейтинг агенттігінің талдауы бойынша әлемнің ең үздік жоғары оқу орындарының қатарына кірді.



– Өміріңдегі бірінші қолдаушы – әкем мен анам, содан кейін – бауырларым, одан кейін өз отбасым. Әрине, ұстазымның қолдауы ерекше. Неге екенін білмеймін, бірақ әкем мен анам бес баланың ішінде мені ерекше еркелетіп өсірді.

және басшы ролінде баланс сақтау қиын. Бұл сұрақтың жауабын мүмкін жақындарымнан, балаларымнан және әріптестерімнің өзінен білген дұрыс шығар. Бірақ мен қандай жұмыспен айналысса да, үй шаруасы, я жұмыс уақыты болсын сабырлық сақтап, позитивті көңіл-күймен жүргенді қалаймын. Өйткені үйде балаларына шабыт берсең олар сабақты жақсы оқиды, өздерінің қабілетіне сенеді, психикалары да тұрақты болады.

Сот жыл сайын әртүрлі дау мен мәселелерге байланысты түрлі шешім қабылдайды. Олардың кейбіреуі біздің елден тыс, яғни шетелден де талап етілуі мүмкін. Қандай да сот актісі ресми құжат мәртебесіне ие болу үшін, яғни ол шет мемлекетке жолданар алдында міндетті түрде заңдастырылады, апостиль қойылады.

## Апостильдеу тәртібі

Апостиль – заңдастырудың осындай нысанын танытын елдер аумағында ұсынуға арналған құжаттың заңдылығы туралы ақпаратты толтырудың халықаралық стандартталған нысаны. «Апостиль» мөрі құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелеріне қойылады.

Апостильденген құжат аттестациялауды немесе заңдастыруды талап етпейді және оны Конвенцияға қатысушы барлық мемлекеттің ресми органдары мойындайды. Апостильденген құжат шет мемлекеттерге жолданатын құжаттар және жолдаушы мемлекеттің имиджінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Сондай-ақ сот шешімдерін орындау әрі сот тапсырмаларын басқа елге жолдау кезінде, сол елмен Қазақстан арасында ешқандай келісім болмаса, ол ел Гаага конвенциясының қатысушысы болмаған жағдайда соттың құжаттарына апостиль қойылуы қажет.

Әлемнің көптеген елі, соның ішінде Қазақстан 1961 жылғы 5 қазанда Гаага конвенциясына қосылып, құжаттарды апостиль қою арқылы жеңілдетілген түрде заңдастыру мүмкіндігіне ие болды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы сот қызметін қамтамасыз ету департаменті – сот органдарынан шығарылатын ресми құжаттарға апостиль қою өкілеттігіне ие мемлекеттік орган.

Апостиль – құжаттамаға қол қойған адамның қолын және оның өкілеттігін, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдін немесе мөртанбаның түпнұсқалығын растайтын арнайы мөртанба.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы қағаз тасымалдаушыда не «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz сайты арқылы электронды түрде, не Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Сотының аппаратының) кеңсесі арқылы осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша апостиль беріледі.

Қызмет көрсету тәртібі, оның ішінде қызмет көрсету мерзімі, нысаны және нәтижелері көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі, қызмет көрсетуге қажетті құжаттар тізімдемесі стандартпен реттеледі. Мемлекеттік қызмет стандартымен және апостиль қою үшін мемлекеттік бажды төлеу деректемелерімен Жоғарғы Соттың интернет-ресурсындағы «мемлекеттік қызмет» бөлімінің танысуға болады.

Мемлекеттік қызмет тізіліміне енгізілген өзгерістерге сәйкес Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшілігі РММ-сі Сот органдарынан шыққан ресми құжаттарды апостильдеу мемлекеттік қызмет көрсету бойынша құжаттарды қабылдауға және беруге уәкілетті. Құжаттарды апостильдеуге өтінім түскеннен кейін сот әкімшісінің жауапты қызметкері сот органдарынан шыққан ресми құжаттың шынайылығын, қол қоюшының қолының сәйкестігін, сот мөртанбасының түпнұсқаға сәйкестігін, арнайы үлгілерге қарап, тексереді.

Еліміздің барлық өңірлерінде сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою үшін сол өңірдің соттар әкімшісіне тікелей барып, немесе халыққа қызмет көрсету орталықтарының филиалдарына жүгінуге болады.

### ӘЖАҚСЫЛЫҚОВ

Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі




## ЖАТ АФЫМНЫҢ АРБАУЫ

Өткен ғасырда Батыс Еуропаның бірқатар елінде жаңа діни қозғалыстар тарай бастады. Сарапшылар XX ғасырдың 2-ші жартысынан бастап АҚШ-та 5000-ға дейін жаңа діннің болғанын анықтаған. Оны таратушылар жаңа пайғамбар, дін уағыздаушы, рухани ұстаз саналы. Олардың пайда болуы дәстүрлі діндер жүйесінің бұзылуы мен беделінің түсуіне байланысты еді.

Бұндай қозғалыстың қатарына өмірде өз орнын таба алмаған жастар кірді. Сондықтан кейбір ағымдар «жастар діні» деп аталып, жаңа діни қозғалыстарға айналды. Біздің республикамызға мұндай жаңа діни қозғалыстар Кеңес Одағы ыдыраған соң XX ғасырдың 90-шы жылдарында келе бастады. Осы уақытта қоғамда идеологиялық вакуум орнады. Осыны пайдаланып, дін уағыздаушылар мен миссионерлер халықтың жан дүниесін баурап алуға тырысты. Жастардың ауқымды бөлігін өздеріне қарату үшін қайырымдылықпен айналысты. Олар жастарға, әсіресе студенттерге баса назар аударды. Солардың ішінен діни ұйымның жергілікті жердегі көшбасшысын тағайындап, оны миссионерлік әрекеттерге белсенді араластырды.

Сонымен қоса діннің мөлдір бұлағымен сусындаймыз деген жастар Пәкістан, Иран, Түркия, Араб елдері және Мысырға көптеп кетіп жатты. Соңғы медресе көрген ақсақалдарымыздың аяғы 90-жылдары дүниеден өткенін ескерсек, «әй дейтін өженін, қой дейтін қожаның қалмағаны» түсінуге болады. Жат жерге кеткен жастарымыз сол барған елінің мәдениеті мен дәстүрін тасымалдаушы күшке айналды. Жалпақ тілмен айтқанда, тегін пропагандаға айналғанын өздері де білмей қалды. Қазақ қоғамында көптеген секта мен ағымдардың келуіне де себепкер болды десек қателеспеген болар едік. Уахабилік, салафилік, табиғи жамағат, сондай-ақ тағы да басқа көптеген ағым ағылып келе бастады. Сонымен қатар бұл тізімде террористік деп танылған ондаған ұйым бар. Олардың өздері іштей тармақтармақ жүздеген топқа бөлінген кезде қарапайым адам шатасып кететіндей болды. Бұл ағымдардың етегіне жармасқан жастар ата-бабамыздың терең тарихы мен дәстүрін, ділі мен тілін, саналы дүниетану мен болмысын жоққа шығара бастады. Радикалды көзқарастарын ашық жарнамалап, зайырлы мемлекетіміздің заңдарын ашық сынады. Халифат қуруды көксейтін армандары бар екенін жасырып қалмады.

Жалған діни ұйымдардың ықпалына қоғамның түрлі деңгейдегі азаматтары ілігіп қалуда.



Олардың қатарына жоғары білімді әлеуметтік жағдайы жақсы адамдар да кіреді. Миссионерлердің ықпалына жеке бастында қиындықтары бар адамдар оңай түсіп қалуы мүмкін. Ең бастысы сіздің және бүкіл азаматтың мәселесін шешеміз деген уәденің жалған екенін естен шығармаған абзал. Бірде-бір шынайы дін бір сәтте бүкіл әлемнің мәселесін шешеміз деп кіреспейді. Жалған діни ұйымдар рухани тазару жолына түсіруді ойламайды. Олар адамдарды өздерінің пайдасына, тіпті қылмыс үшін пайдалануға тырысады.

Сактанып жүру үшін үнемі есте болу керек кейбір мәселелерді айтып өтуге болады. Яғни, мынадай жағдайда сақ болған дұрыс сізге келіп тұрған миссионер өздерімен көшбасшылары жайында ұйымдарының толық атауы турасында толық ақпарат бермеуге тырысады. Миссионер өз ілімін таныстыруда ерекше белсенділік танытады. Ұйымның өкілдерімен сөйлескен кезде сізге психологиялық тұрғыдан ықпал жасап тұрғандай сезіледі. Тұлғаны бағындыру немесе мүлік беруге шақырады. Яғни бұл орайда қайырымдылықты сылтау етуі ықтимал. Ұйымға кіру отбасымен, достарымен, сыртқы әлеммен байланыс жасауға тыйым салады. Ұйым мүшелеріне ақпарат алуға деген мүмкіндігін қысқартады. Яғни, кітап, теледидар, газет, радио тағы да басқаларды шектейді. Ұйымда жетекшіге сөзсіз бағыну қажет. Сізді ақырзаман жақындап қалды деп қорқытуы мүмкін. Егер ұйымға кірмесең, қарғыс атады немесе құрып кетесің дегенді айтуы ықтимал. Кей жағдайда жалған діни ұйымдар заңды бұзады. Өз өкілдерін нашақорлыққа, ішімдікке тәуелді етеді. Ұйымға жанадан кірген адамға қылмыс жасауға немесе мүлкін беруге мәжбүрлейді.

Жалған діни ұйымға кіру оңай, алайда одан шығу өте қиын. Рухани көсемдер мүшелікке өткен адамдарды өзіне бағындыру үшін барлық тәсілді, тіпті заңға қайшы әдістерді пайдалануға тырысады. Ұйымда адамдарды ұстап отыру үшін бопсалауға да барады. Осындай жағдайда жеке адам жалған пайғамбар мен ұстаздың бақылауына түседі. Тұлғаның өмірлік құндылықтары толығымен өзгереді. Бүкіл өмірі жалған діни ұйымға бағыныпты болады. Көптеген мемлекетте адамның психологиясына, денсаулығына, дүние-мүлкіне залал келтіретін жалған діни ұйымдардың қызметіне тыйым салынған. Әрине, көп нәрсе жеке адамның өзіне байланысты. Шынайы діндер адамды барлық бадеден құтқарамын деп уәде бермейді. Адамға таңдау жасау үшін олар тек рухани бағыт-бағдар береді.

«Ұықты басқұр сақтайды, ұлтты дәстүр сақтайды». Бұл – бабаларымыздың тарих тағылымынан түйген даналық сөзі. Сондықтан да дәстүрлі құндылықтарымызды сақтау оны дәріптеу елдігіміздің кепілі болмақ. Дәстүр дегеніміз – белгілі бір ұлтты құрайтын халықтың ата-бабаларының халық болып қалыптасу жолындағы бүкіл тіршілік тәжірибесінен сан ғасырлар бойы тірнектеп жинап, сұрыптау кезінен өткізіп, бір жүйеге келтіріп, халыққа түсірген өмір сүру заңы. Яғни, бүгінгі түсінікпен айтқанда, қатал тірлікпен қағидаларынан қорытып, уақыттың өзі бекітіп берген конституциясы. Ұлт сенімі мен дәстүрі бұзылмаған елдер өзіндік өмір сүру заңдылықтарын сақтай отырып, іргесі берік мәртебесі биік болмақ. Жат ағымнан сақтанайық!

Нұрай АСҚАР,  
Қараөзек ауылы

## Жаңа Қазақстанның жастарымыз

Тәуелсіз Қазақстан дербес ел болып қалыптасқаннан бері қазақ шежіресі жадымызда жаңғырып, санамызда жатталды. Қазір Қазақстан ынтымақ пен бірлік орнаған абыройлы елге айналды.

Тәуелсіздікті сақтау және қорғау – біз үшін парыз. Қазақ халқының ділі, діні, тілі, жері, салт-дәстүрі ұрпаққа аманат. Ең маңыздысы, сол аманатқа қиянат жасамай, оларға тәуелсіздік ұғымының қасиетін, қадірін ұғындырып, оның түп - тамырын, өсіп-өркендеген өрісін таныту керек.

Осындайда «біз жас мемлекетіміздің іргесін бекітіп, шаңырағын биік етуге қандай үлес қоса аламыз?» деген сұрақ туады. Біздер, жас жеткіншектер, арнамыз бен қиялымызды ұштастыра отырып, еліміздің өркендеуіне атсалыса аламыз десек, артық айтпаған болар едік. Мен солай ойлаймын. Көркем әдебиетті, әсіресе ауыз әдебиетін оқи отырып, осындай ойға келемін. Аңыз, ертегідегі түрлі образдар, атап айтсам, ұшқыш кілем, Желмая сынды бабаларымыз армандаған дүниелер кейін қолданысқа енді емес пе?! Міне, осыған қарап, балалардың ойынан шыққан туындылардан өнертапқыштарда идея туындап, жаңа дүниелер жасап шығаруы әбден мүмкін. Сол үшін де балалар арасында түрлі сайыс, жоба ұйымдастырылады. Жастар жігерлі, қайратты. Қанында бар қасиетті жонып жіберсе болғаны елі үшін жанын салары хақ. Олар еліміздің болашағын көріп, сезіне алады.

– Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты.

Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін, – деп Мағжан Жұмабаев ағамыз айтқандай, еліміздің асқақ беделін айқын көрсете алатын ерекше күш иелеріне, жастарға, қолдау көрсетілсе еліміздің өркендейтіні анық. Ендеше, жаңа Қазақстанның жас ұрпағына жаңаша көзқарас, жаңаша серпін берсін деп тілеймін. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын!

Исламатдин ҚЫЗЫЛБАЕВ,  
Ж.Әбдірашев атындағы  
№62 мектеп-лицейінің  
оқушысы Арал қаласы



Ертегі

## Айлакер аю

Ерте, ерте, ертеде орманда бір айлакер аю өмір сүріпті. Ол басқа аңдарды алдап, олардың тамақтарын алып қояды екен. Сондықтан оның достары жоқ. Оның тек түлкі дейтін жалғыз досы бар. Ол өзінің айла, қулықтарын түлкіге айтып үйретіп жүреді. Бір күні аю керек болып қалар деп көзден таса жерге тұзақ құрады.

Бірде ол жолдан қасқырды көріп қалады. Қасқыр оған «мұнда не істеп жүрсін?» дейді. Сонда аю қулық ойлап, «мен бұнда жай жүрген жоқпын. Естуімше қазір орманда аңшылар көп. Олар тек қана қасқырларды аулауға келген, осыны саған ескертуге келдім» дейді.

Бұған сенген қасқыр «онда мен жасыруым керек» дейді. Осы кезде аю «мен тығылатын бір жер білемін» деп айтады. Қасқыр ол жерді айтуын сұрайды. Ал аю оған өзінің тұзақ құрған жерін көрсетеді де, оның тамағын өзі алып қояды. Аю бұл ісін түлкіге мақтанышымен айтады. «Ал тамағы қайда?» деп сұрайды түлкі. Сонда аю «өзім жеп қойдым. Уайымдама, келесіде сенімен бөлісіп жеймін» дейді. Түлкі іштей ашуланғанымен аюға білдірмейді.

Іштей ызалы түлкі қасқыр бара жатқан жерге төте жолмен жетіп, аюдың жоспарын айтып береді. Бұған ашуланған қасқыр, түнде аю ұйықтап жатқан кезде бөлмесіне тұзақ құрып қояды. Аю ұйқысынан тұрып бір-екі қадам басқан соң тұзаққа түседі. Қасқыр «егер, босатқанымды қаласаң, ешқашан қулық жасамаймын, өтірік айтпаймын деп уәде бер» дейді. Аю амалсыздан уәде береді. Содан кейін аю ешкімді алмайтын болыпты.

Назым БҮКЕНБАЙ,

Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің оқушысы



Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық додасына түсіп жатқан тандаулы туындылар қатарында Халықаралық «Алаш» Әдеби сыйлығының лауреаты, «Парасат» ордені мен III дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ханбибі Есенқарақызының «Эсселер» кітабы да бар. (2020 ж. «Дәуір» баспасы)

## ТАУ ТҰЛҒАЛЫ алыптардан БАТА АЛҒАН

Бірден басын ашып айтайық, бұл жолы біз «әдебиеттегі үзетіліс дос» Ханбибінің шығармашылығын талдап-таразылауды мақсат етпедік. Ол – кәсіби сыншы, әдебиеттанушы ғалымдардың еншісіне тиесілі нәрсе. Ал біздің ниетіміз оның қаламынан туындаған дүниелердің өзімізге ұнаған тұстарын сол қалпында елге көрсетіп бөлісу. Болды! Біз «әдебиет айдынына» өткен ғасырдың 70-ші жылдарының басында кеп қосылған тұма бұлақтар едік. «Ақындар провинцияда дүниеге келіп, Парижде өледі» дейтін француз төмсілі кең таралып жатқан сол тұстары жастар өздері тұратын аймақтан Алматыға қоныс аудара бастаған-ды. Бірақ Ханбибі ғана орнынан қозғалған жоқ. Өзінің шырайлы шаһар – Шымкентінде отырып-ақ, мұқым елге танылды. «Хан қызындай Ханбибі» атанды.

Анна да емес, Марина да емеспін, Дала кезген аруана – елеспін. Фариза да, Ақұштап та емеспін, Ешкімнен келмес, сірә теңескім! – деп, өлең өлкесіне екпіндеп келген өжет қыздың бірден ғарышқа көз тігуі еді бұл. Өйткені оны ғарыш әлемімен байланыстырар тылсым бір күш барды. Оған дәлел ретінде мына жайтты айтсақ та жеткілікті. Ханбибінің анасы түсінде екі жүзді қанжар тауып алып, үйілген құмның арасына жасырып қояды. Осы түсінен кейін ұзамай босанып, маңдайын жапқан қалың шаш, жауырынында бір қарыс жалы бар айрықша нәрестені дүниеге әкеліпті. Сол сәтте оның кіндігін кескен әйел «қызыл шақалақты» жоғары көтеріп тұрып, «Мынау ұл болғанда Есенқараның сорын кесіп жіберердей екен. Өткен, қыз болғаны-ай!» деп өкініш білдірсе керек. Ерге бергісіз сол қыз бала есейе келе, шынымен-ақ екі жүзді қанжарды қолына ұстайды. Бір жүзі – өткір өлең болса, екіншісі – қиып түсер қарасөз! Оның екеуі де осал емес. Осылай екі жанрдың ауыр жүгін көтерген нар қызымыз Ханбибі бүгінде ерлеп тұр. Қаламы сайлы, қанжығасы майлы. Талай көркем туындыларды жаратты. «Талант тағдыры», «Жібек» деректі повестері, қысқа әңгімелер, небір аңыз-хикаяттар мен естелік-жазбалары жетіп-артылады. Біздің қазіргі өңгімесіміз оның «Дәуір» баспасынан жарық көрген «ЭССЕЛЕР» кітабының төңірегінде өрбімекші.

Хош! Басында айтқанымыздай, жарық дүние есігін ерекше сипатта ашып кірген құрбым мектеп қабырғасында, жоғары оқу орнында жүріп-ақ ерекше «тұлғалармен» өмір жолы кездейсоқ тоғысып, танысып үлгеріпті. Бұны «кездейсоқтық» деуге де болмас, турасын айтқанда бұл – Тәңір сыйы!

«...1964 жылы Сарыағаш қаласында М.Әуезов атындағы мектептің 9-шы класында оқушы едім. Үзіліс кезінде құрбыларыммен су шашып ойнап тұр едік, менен екі класс жоғары оқитұғын Гүлжамал: – Өне, ақын кетіп барады, Төлеген Айбергенов! – деді.

Бәріміз ойынды тоқтатып, соңынан аңыра қарап қалдық. Тірі ақынды тұңғыш көруім, жүрегім қатты соғып кетті. «Қуып жетіп сәлемдесем бе екен» деген ойымды батылсыздық пен дәрменсіздік жеңді. Сөйтсем, ол кісі осыдан екі жыл бұрын Сарыағашқа көшіп кеп, мен оқитын мектеп

жанындағы жұмысшы-жастарға білім беретұғын кешкі мектепке директор болып орналасыпты ғой. Оны кейін білдім» – дей келе Ханбибі өңгімесін әрі жалғайды.

– «Бұл күз айы еді. Мектептегі қабырға газетіне шыққан өлеңдерімді қадағалап жүрген Рәбиға апайым: «осыларыңды аудандық газетке апарып көрсен қайтеді?» деді. Мектеп пен редакция арасын қиып өтетін бір-ақ көше бар, тіптен тиіп тұр. Жалғыз қабатты ескі үйге имене кіріп, есікті қақтым. «Кіріңіз!» дегенді естіп ішке кірсем, кілең ер кісілер. Бәрі шетінен көңілді, жүздерінен жарқын леп еседі.

– Ой, айналайын, өлең жазып жүрген қарындасымыз өзін екенсің ғой – деді сүйеулі балдағы қасында тұрған бір ағай жылы тіл қатып, – Жолың болады екен, қарағым, өзіміз де сирек көретін мына Төлеген ағаң бүгін редакциямызға бас сүккен еді, өлеңдеріңді көрсетіп ал!

Ақын маған қадалып бір қарады да, қайта көз салмады. «Өлеңдеріңді әкелші!» Сөйтті де менің талай күн жазған өлеңімді қас-қағым сәтте шолып шықты.

– Мынауың үлкен арнаның бастауы екен, қарағым, сен түбінде бір қараға жетіп жығыларсың...

Дәптерімнің ашық тұсына бірдене жазуға оқталып отырып, аз-кем уақыттан соң өлеңмен қолтаңбасын қалдырды.

Үшуға қанат қандаған, Аққудай көкке самғаған. Құралай көзді ақын қыз, Ақұштап ізін жалғаған. Сен шыққан биік – жоқ әлі, Сен шықпақ биік – жоғары. Алқынып туған жас жүрек, Қиып түссем деп соғады!

Ақындықтың «алтын тағында» отырған Төлеген ағамен тұңғыш жүзбе-жүз жолығысуымыз еді бұл.

Міне, оқушы кезінде-ақ арынды ақын Айбергеновтен қолтаңба алған жас талант мектеп бітіріп, студент атанғанында батыр Бауыржан Момышұлының да батасын алып үлгеріпті. Ханбибінің «Айбарлы атам еді» эссесіне көз жүгіртейік:

«Бүгін Шымкентке Бауыржан батыр келіпті, қаласаңдар бәріміз сәлем беріп шығалық!», – деді бұл әдеби кездесуден кейін жазушылар бөлімшесінің сол тұстағы жауапты хатшысы Нәрсәддин аға. Бір ауыздан қостай кеттік. Ол кісі «Восход» қонақ үйінде екен. «Сырдаң суы сирағын келмейтін» лапылдақ ақындардың Бауыржан аға бөлмесінің алдында пәлігі басылып қалғаны. Есікті жайлап қақтық.

– Кімсіңдер?  
– Сәлемшілерміз, Бауке!  
– Сәлемші болсаңдар төрлетіндердер: Ал жай мені көруге келсеңдер зытыңдар, мен сендерге зоопарк емеспін...

Бас-аяғы 5-6 адам қатар тұрған орындықтарға жайғастық. Жолбасшымыз бәрімізді шетінен таныстырып: «мына бала Ханбибі деген қарындасыңыз» – дей беруі мұн еді, Бауке мені көзімнен бір шолып өтіп:

– Сен, пұшық, не деп отырсың, қайдағы қарындас?.. Бұл – менің балам, тіпті немереммен қатарлас қой, – деп айқай салды.

Бәріміз үнсіз қалдық. Аздан соң қайта сабасына түскен батыр ата бізбен

біраз өңгімесіп отырып, соңынан маған түксие бір қарады да: «Балам, менің адам таниғынмын рас болса, жолың болмай жүрген сияқтысың, бәлімі жәрдемім тиіп қалар, жасырмай айт!» – деді. «Бү кісінде көріпкелдік бар ма?» деп танырқамасқа амал кем. Шынында алаңдаулы едім, санаулы күннен соң мемлекеттік емтихан басталмақшы. Неге екені өзіме де белгісіз, кезінде менің ақындығымды қолдап-қолпаштап жүрген бір ұстазымның маған суық қарап: «сені емтиханнан құлатамын» дегені ойымнан шығар емес. Осы жәйтті кинала отырып атаға жеткіздім. Өлгі мені қорқытқан кісінің ныспысы таныс болса керек, қарқылдап бір күліп алды да, бірден қағаз сұрады. Ұстазымның фамилиясын бұрмалаңқырап жазып, әрі қарай тездете араб әріптерін қағазға түсіре бастағанын көзім шалып қалғанды. «Апарып бер!» – деді сосын маған ұстатып.

...Ертеңіне ертелете сабаққа келдім. Қолымдағы қағазды ұстазыма бердім. Ол бұрмаланған жазылған өз фамилиясына аздап кідіргенімен, әрі қарай тездете оқыды, сосын маған қарап «оқып берейін бе?» – деді студенттердің көзінше...

– Ал, ендеше тыңда, фамилиямды болса да түсіндің ғой, арабша жазылғаны мынау: «Балаларды саған тапсырдым, сені Құдайға тапсырдым. Құлатсаң – атыласың!» Бауыржан». («Айбарлы атам еді» естелігінен.)

...Міне, жазушы, һәм батыр Бауыржан атасының тілдей қағазға түскен «пілдей» бірауыз сөзі студент Ханбибінің түйінді мәселесін бірден шешіп берген-ді: «Құлатсаң – атыласың!». Құлаққа түрпілей тисе де, қатқыл сөздің қатпарында жасырын жатқан қаншалық жанашырлық сезім, мейірім-шапағат барын есті адам білсе керек-ті. Бұл – сонысымен құнды!

«Сарыағаштың сарғалдағы – қазақтың хан қызындай Хан-апасы Есенқарақызын бастапқы өмір баспалдағында қолтығынан демеп, «тасын өрге домалатқан» кімдер еді?» дегенде, алдымен тілімізге жасын ғұмырлы Төлеген Айбергенов пен айбынды жазушы-батыр Бауыржанның ілігетіні рас. Бұлардан бөлек әр жылдары кезек-кезеңімен кезігіп Ханбибінің өздеріне магниттей тартып отырған ірі тұлғалар жетіп-артылары да шынық. Қаһарман Қасым Қайсенов, махаббат жырышы – Әзілхан Нұршайықов, айтөбел абыз жазушы Әбіш Кекілбаев, «поэзия патшайымы» – Фариза Оңғарсынова, тағы да басқалар бар «стаудай алып тұлғалар» қаншама десеніңші! Қазір сол «толағайлардың» өзімен нық теңестіруге жарап қалған Ханбибінің қашан да жұлдызы жоғары, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болуға нағыз лайықты тұлға! Біздің Сыр жастары да Хан-апаларына бойын түзей өсіп келе жатқандығы – соның бір айғағындай.

Жұлдыздай аққан жүйрігіміз өз мәресін кесіп өтеріне бек сенімдіміз!

**Қатира ЖАЛЕНОВА,**  
Халықаралық «Алаш» Әдеби сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, ақын

### «АБАЙ ЖОЛЫ»:

## ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКА КӨРІНІСІ



Қарапайым тұрмыстық лексика – біздің сөздік қорымызда бұрыннан бар сөздер. Тек қазіргі жастардың шығарма оқуға, кітап оқуға деген құлшыныстарының төмендеуіне байланысты бұл сөздер тілімізге жаңадан қосылғандай көрінеді. Қарапайым тұрмыстық лексика қазіргі таңда ауызекі сөйлеу стилі мен көркем әдебиет стилінде қолданылады. Екі адамның тілдесіп сөйлесуі барысынан тұрмыстық лексиканы байқауға болады.

Тұрмыстық лексика аясына адамның күнделікті өмірінде қолданылатын заттар, бұйымдардың атаулары, сондай-ақ тұрмыспен тікелей байланысты күнделікті үй шаруашылығына байланысты сөздер жататыны белгілі. Сондықтан да бұл мәселеге қатысты көптеген термин бар. Мәселен, «этномәдени лексика», «этнографиялық лексика», «кәсіби лексика», «тұрмыстық лексика», «материалдық және рухани мәдениет лексикасы», «заттық мәдениет лексикасы», «тұрмыстық терминдер», «кәсіби-тұрмыстық лексика» т.б.

Тақырыпқа қатысты арнайы зерделеуді қажет ететін мәселе – тұрмыстық лексиканың қолданылу аясы, оның күнделікті қарым-қатынас тіліне байланысты қатысымдық мәні мен ерекшелігі. Мұнда негізге алынып тұрған басты белгі – лексикалық бірліктердің тұрмыстық қатынас мақсатына байланысты тілде жұмсалыуы.

Ә.Болғанбайұлы мен Ғ.Қалиұлы сөйлеу тілі лексикасын лексика-семантикалық, экспрессивтік-стилистикалық сипаты жағынан төмендегідей топтарға бөліп қарастырды:

1) тұрмыстық қарапайым лексика; 2) варваризмдер; 3) әдеби-сөйлеу лексикасы. Олар тұрмыстық лексиканы былайша түсіндіреді: «тұрмыстық-қарапайым лексикаға, күнделікті өмірде, тұрмыстық қарым-қатынаста қолданылатын жалпы халыққа белгілі, сөйлеу тілінің аясындағы сөздер жатады. Тұрмыстық-қарапайым сөздердің ішінде бір нәрсенің бағасын кеміту, құнын төмендету мақсатында қолданылатын, стилистикалық бояуы бар сөздер, дәрекі, тұрпайы сөздер, қарғыс-алғыс мәнді сөздер көп кездеседі. Мысалы, оған кемсітіп, мұқатуды, жаратпауды білдіретін: қортық, мыртық, қатын, салпы етек, жаман неме» сөздері жатады.

Тұрмыстық лексика жылғы құнды деректер Ж.А.Манкеева еңбектерінде берілген. Ғалым тұрмыстық лексикаға былайша баға береді: «Сонымен, көне тамырлы этнолексика халықтың этномәдени тарихы және тілдік шығармашылығы туралы баға жетпес «ақпарат» көзі болып табылады. Оның негізін құрайтын тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің реликті әрі рухани байлығымыздың түбірі. Себебі, бұл жүйедегі сөздер тек атауыштық қана қызмет атқармайды. Қазақ тіліндегі заттық мәдениетке қатысты атаулар немесе тұрмыстық лексика қазақ халқының материалдық өндірісінің денгейін, сипатын, түрлерін және шаруашылық пен тұрғын үй мүліктері, киім мен тұрмыс бұйымдарын өшекейлеуге қажет мұқтаждықты қамтамасыз етуге бағытталған қазақтың халықтық колөнер бұйымдарын бейнелейді». Ғалымның пікірінде атап өтілгендей, тұрмыстық лексиканы құрайтын атаулар сан-салалы. Солардың бір тобы – киім атауларына қатысты.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында киім атауларын кенінен қамтыған.

«Абай жолы» роман-эпопеясындағы қарапайым тұрмыстық лексикалық сөздер:

1. Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзінде, пәруәрдігер, – деп, Байтас бабын таба алмай басын шайқайды. (1-том, 4-бет). Пәруәрдігер – Құдай, тәңір, жаратқан деген мағынада.

2. Өзі айтқан «Құнанбайдың бөлтірігі» – Абай екен. (1-том, 5-бет)

Бөлтірігі – қасқырдың төлі. Бұл жерде Абайдың намысына тиіп, дәрежесін түсіру мақсатында қолданылып тұр.

3. Жаман неме, маған бұрын келмей, өкене кеттің-ау! Жаман неме! – дей беріп, қасына, құшағына немересі барғанда, «жаман неменің» артынан лезде: Қарашығым, қоныр қозым... Абай жаным... – деп кемсендеп, жылауға айналып кетті. (1-том, 11-бет)

4. Е, жақсы боп қалды. Өркенің өссін, балам! – деп әжесі алғыс айтты. (1-том, 13-бет) Алғыс мәнді сөздер.

5. Уа, кет, жоғал! Құлайдың көрін көріп болған Қодар Құнанбайдың көрінен қорқар деп пе ең? Жоғал арман! – деп айдап жіберген. (1-том, 30-бет). Адамды кемсіту мақсатында қолданылады.

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел – белестер, ұлы өзгерістер ұрпақтан – ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігі, байлығы арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі тұрмыстық лексика болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда тұрмыстық қарапайым лексиканы зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да негізі бар.

**Айдана НҰРЛАНҚЫЗЫ,**  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ШЫНБОЛАТ ҰЗАҚБАЕВ:

# «МЕНИҢ МУЗАМ — МУЗАРТ»



Басы 1-бетте

– Бастапқы өнер жолыңызда «Сейхун» тобының құрамында әнші болғаныңыз мәлім. Қазір бұл топ қайда? Неліктен топтан шығуға бел байладыңыз?

– Иә, бұрын халыққа «Сейхун» тобының мүшесі болып танылдым. Топта екі әнші болды. Халыққа көптеген әнімізді арнап, өнер көрсеткен болатынбыз. Кейіннен жеке шығармашылыққа басымдық

беруді дұрыс деп шештік. Себебі топтағы әріптесім екеуіміздің дауыс ырғағымыз, жалпы ән айту машығымыз екі түрлі болды. Менің дауысыммен үйлесім тапқан ән оның дауысына, ырғағына ыңғайлана алмайтын кездер көп болды. Бұл тындарманға жақсы туынды сыйлауға келергі еді.

– Көптеген хит әнді шырақ жүрсіз. Сізді танымал етіп, «бағыңызды ашқан» туындыңыз туралы айтып берсеңіз...

– Менің Шынболат есімді көпшілікке танымал еткені «Жүрекке жасырынған жан» атты әнім деп ойлаймын. Сазының авторы – Жандос Қаржаубай, ал сөзін қызылордалық ақын Айдар Сайлауов жазды. Ол кісімен концертте кездескен едім... Шығу тарихы туралы айта кетсем. Сыр еліне ат басын бұрып, өнердегі әріптесім, өмірдегі досым Нұртуған Жаңабайдың концертіне келген болатынмын. Шығармашыл тулғаның шабыты күтпеген сәтте келе қалады емес пе?

– Киелі сахна төрінен өнер өкілдерін көріп, біршама шабыттанып қалдым. Концерттен кейін сол жандар арасынан Айдар ақынға «өнерде жолымды қалыптастыратын тамаша өлеңіңді берші» деп қолқа салдым. Шүкір, оның сыйға тартқан өлеңінің арқасында халыққа жеке әнші ретінде танылдым деп айта аламын.

– Қазақта – той көп. Кез келген қазақ шоу-бизнесінің өкіліне бұл ұғым тансық емес. Десең те кейбір әншілердің той үшін сұрайтын құны қымбат. Осы орайда өнер өкілі ретінде қандай пікір білдіре аласыз? Өзіңіз тойдан қанша табыс табасыз?

– Той – халықтың қазынасы. Арасы алыстап кеткен ағайын-туыс, бауырдың басын қосатын керемет мереке. Бүгінде шоу-бизнеске жарық жұлдыздар көп. Олардың тойдан алатын «фрагментінің» құны да сондай жоғары. Мәселен, кеше ғана танылып, күні бүгін жұлдызға айналған жастардың сүйіктісі Садрадиннің өзі тойда өнер көрсету үшін 6-7 млн теңге сұрайды. Алайда тойда өнер көрсеткісі келмейді екен. Табыс көзін әлеуметтік желі арқылы да тауып отыр. Тойдың әншілері бөлек. Біреулер тойда хит болу үшін ән жазады, ал біреулер әлемдік чарттардан көрінсем, платформалар арқылы танымал болсам дейді. Негізі тойға шыққаны келмейтін әншілердің сұрайтын құны жоғары болады.

– Десең те соған қарамастан тойына қонақ қылғысы келетіндер аз емес. Маған келетін болсақ, әзір жоғары бағада тойда өнер көрсетпеймін, ал болашақты уақыт көрсете жатар. «Қаражатым аз, бірақ

тойымда өзінді көргім келіп еді» деушілер көп, мұндайда сөздерін жерде қалдырған емеспін. Себебі бұл жердегі мәселе ақшада емес. Менің де мақсатым тойда емес, сахнада ән шығару.

– Қазір талантты өнер иесі де, бағы жанған әнші де көп. Көптің бірі болып қалмас үшін не істеу керек? Қазіргі қазақ музыка өнері сіздің көңіліңізден шыға ма?

– Расымен, бағы жанғаны да, таланттысы да көп. Бірақ көп әншілерді бақылап отырсаң, жеткен жетістіктерінің бәрі таза еңбектің арқасында. Тәуліктігі уақыттың өнер жолында өзіндік із қалдыру үшін пайда етіп жүргендердің еңбегі еш кетіп жатқан жоқ. Оны көріп жүрміз. Қазір кім көп, сын айтып, мін тағатын «таланттылар» көп. Талантты тығып қойып, өнерде тырбанып жүргендердің тырнағының астынан кір іздейді. Бұдан не пайда, не қайыр? Рас, қазір сал дауысы болса ән жазып, жарыққа шығарады. Бірақ оның да астарында қанша еңбек, қаншама қаражат жатады. Өкініштісі, мұны ешкім ескермейді.

– Музыкада шектеу жоқ. Кез келген ән тыңдаушысын табады. Қазақтың әні шетелде де шырқалауда. ИК-ның, Kalifaniya-ның әндері мұхит асып үлгерді. Міне, осы жетістікке қуанып, қолдау білдіруіміз керек. Себебі қазақ музыкасын дамыту үшін бұл маңызды.

– Жуырда «Жүрекке жасырынған жанның» бейнеклипі жарық көрді. Байқасақ, бейнеклиппен өнердегі әріптесіңіз әрі қызылордалық Әлімжан Кеңесті көрдік. Тілекші достарыңыз бен әріптестеріңіз туралы айтып беріңізші...

– Бейнебаянды шығаруға өзімнің достарым мен жақындарым көмектесті. Солардың бірі – өнердегі досым Әлімжан Кеңес. Өзінің актерлық шеберлігін танытып, туындының сәнін келтірді. Оған рақметім шексіз. Сондай-ақ актриса ретінде қазір көгілдір экрандардан көп көрініп жүрген Сабина Мовлаева есімді қыз таңдалды. Бейнебаянның жақсы қаралым жинағаны осы Сабинаның арқасында деп ойлаймын. Ал жалпы бейнебаян туралы айтатын болсам, махаббат деген ұлы сезімге арналған бұл туынды нүктемен емес, үгірмен аяқталды...

– Алдағы уақытқа жоспарыңыз қандай? Тыңдармандарыңызды қашан қуантасыз?

– Алдағы уақытта тыңдармандарымды қуантатын «үлкен» жоспарым бар. Оны уақыты келгенде бөлісетін боламын. Ал әзірге сиясы кебе қоймаған туындыларым көрерменге жол тарту үшін өз кезегін күтуде. Жуырда шығатын әндерім төрт стильде болмақ. Өзгеше жанрда жарық көреді. Күтіңіздер!

– Өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Нұршат НЫШАНОВА

## ИППОТЕРАПИЯ: ҰЛАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Емдік атқа міну оңалту терапиясы «Балаларды оңалтудың Ұлттық орталығы» КЕАҚ Қызылорда филиалында қолданылуда. Мұнда жыл сайын он шақты бала алғашқы қадамдарын жасайды.



Бұл орталықтан церебралды сал ауруы, Даун синдромы, сөйлеу дамуының кешігуі, туа біткен жүйке жүйесінің ақаулары және басқа да сырқаты бар 18 жасқа дейінгі балалар оңалту емін алады.

Бес жасар Ұланның церебралды сал ауруы, спастикалық диплегиясы бар. Бала атқа мінгенді ұнатпайды. Анасы Гүлназ Медетьярованың айтуынша, Ұлан алғашқы қадамдарын жасай бастады.

– Ат үстінде балам аяғын, қалпын еркін ұстайды. Нәтижелер өте жақсы. Басында, оңалту орталығына келгенде, Ұлан жүре алмады. Сосын біртіндеп үйренді. МӘМС аясында медициналық көмекті тегін алғанымызға қуаныштымыз, – деді Гүлназ Медетьярова.

«Иппотерапия адамның барлық мүшесіне жақсы әсер етеді» дейді орталық мамандары.

Атпен жүру тірек-қимыл жүйесінің дамуын ынталандырады және бұлшықеттерді босаңсытады. Сондай-ақ атқа міну жүйке жүйесінің жұмысын жақсартады.

– Атты қыздыру әдісі бар. Атты терлетіп, шаптырып алып келіп, баланы отырғызады. Жылқының температурасы адамның дене температурасынан шамамен 1,5 градусқа жоғары. Баланы қыздыру әдісімен емдеуге болады. Айта кетейін, иппотерапия және сол секілді басқа да оңалту қызметтерін МӘМС аясында тегін алуға болады, – дейді ЕДШ нұсқаушысы Бағлан Балтабай.

Айта кетейік, жыл басынан бері балаларды оңалтудың Ұлттық орталығы филиалының пациенттерін қалпына келтіру еміне Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 77 млн теңгеден астам қаражат бөлінді.

Айгүл АХАНОВА

## КОФЕНІ КҮНДЕ ІШУГЕ БОЛМАЙДЫ

Қала орталығынан кофеханаларды жиі байқайтын боларсыз. Иә, өңірде кофе бизнесіне қызығушылардың қатары көбейді. Бұл – әрине, елімізде кофе ішу мәдениетінің кең тарай бастағанының белгісі.

Тәтті тоқашпен бір шыныаяқ кофе ішу эстетикалық тұрғыда да әдемі көрінетіні рас. Дегенмен әп-сәтте көңіл-күйіне әсер етіп, шаршағаныңды басытын сусын пайдалы ма? Тарихи деректерге қарасақ, бір кездері кофе дәрі ретінде де қолданылыпты. Ал кейбір елдер кофе ішуге тыйым салған.

Мамандардың айтуынша, кофе көңіл-күйді көтеріп, күйзелістен сақтап, метаболизм процесін жылдамдатады, тіпті жаттығудан кейін бұлшықеттің ауырғанын басады. Бұл – кофеңіз біз білетін жақсы жағы. Ал ол ағамызға қалай әсер етуде?

Дәрігер Назерке Ермекқызы «кофені аш қарынға ішуге болмайды, себебі, асқазандағы қышқылдықты

жоғарылатып, асқазан жарасы немесе гастрит тудыруы мүмкін» дейді.

– Кофе ағзадан кальцийді шығарып тастайды. Зерттеулер нәтижесі бойынша, 10 мг кофе ағзадан 1 мг кальцийді шығарады. Тіс құртылады, сүйек зақымданады.

Кофе мидың жұмысын төмендетеді. BBC news-те көрсетілген жаңалықтар бойынша, Америкада бір әйел 1 шыныаяқ кофе ішкенге дейін және ішкен соң миың МРТ-ға түсірген кезде, мидағы қан айналымының 35%-ға дейін төмендегенін байқаған. Ол өз кезегінде ес, психика, есте сақтаудың бұзылуына, тіпті паникалық атақаға да алып келеді.

Кофе темірдің сіңірілуін 39%-ға, ал шай 69%-ға төмендетеді. Бір қызығы

апельсин шырыны 250 есе темірдің сіңірілуін күшейтеді. Ал біз танертең апельсин шырынын емес, кофе ішеміз.

100 градустан жоғары температурада қыздырылған кез келген заттан акриламидтер пайда болады. Ол канцерогендік зат болып есептеледі. Тіпті геннің құрамын бұзады, рак шақырады.

Сонда ел айтатын кофеңіз пайдалы қайда қалды? Кофе көптеген антиоксидант, пайдалы ферментке ие. Бірақ 200 градустық температурада қыздырылған кофе дәндерінен пайдалы деуге келетін барлық дүние жойылады. Сөйтіп пайдасынан ештеңе қалмай қалатын көрінеді. Бас тарту немесе бас тартпау әр адамның өз еркінде. Бірақ кофеңіз күнделікті сусынға айналдырудың қажеті жоқ, – дейді дәрігер.

Әрине, бұл кеңестерден кейін денсаулығын ойлайтындар кофеңіз

көп тұтынбауға тырысатын болар. Ал егер іше қалсаңыз кейін су ішуді де ұмытпаңыз. Кейбір кофейнялар кофемен бірге суды да ұсынады. Мұның да себебі жоқ емес. Өйткені кофеңіз несеп айдағыш қасиетке ие болғандықтан, ағзаны сусыздандырады, көп ұзамай шөлдейтіңіз де сондықтан. Мұның алдын алу үшін кофеңіз кейін 1 стакан су ішіп, ағзадағы су тепе-теңдігін қалпына келтіре аласыз.

Әлдекіміз үшін кофе қан қысымын көтеруге арналған сусын. Дегенмен зиянын ескеріп, әдеттенбегеніңіз абзал.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ

